

Ақкөлдің бойындағы ақ кесене

Исабек ишанның туғанына 220 жыл толуына орай Екібастұздың Ақкөл-жайылма өңірінде ас беріліп, құран бағышталды. Бұл рухани-танымдық шараға облыс әкімі Ерлан Арын, жазушылар Төлен Әбдіков, Тұрсын Жұртбай, Қойшығара Салғара, Медеу Сәрсекке және басқа да қонақтар қатысты.



Ақкөл ауылынан шыға бере Маңғыстаудың мәрмәр тастарынан соғылған ақ кесенелер тізбегі алыстан көз тартып жарқырап, көріне бастайды. Асқа жиналған халыққа арнап жүзден аса киіз үй тігіліпті.

Кең дала бүгін жаңбырмен нұрланып, табиғат ғажап күйге енген. Алыс жолдың машақатына да мән бермей, Асқа асыққан жұрт жан-жақтан ағылып келіп жатыр.

Ауыл-ел іші әуелден «атам зираты» деп атап кеткен осы жерде әулиелер жерленгенін жергілікті жұрт жақсы біледі. Кейініректе, халық арасында «аталардың жатқан жерін кейінгі ұрпақтары біліп жүретіндей құрметтей алдық па?... Қашанғы бейіттер басында түнеп жүреміз?. Осы жерге мешіт, кесене, шырақшы үйін тұрғыза алатын ауыл-елдің азаматтары қайда жүр?» деген сөздер де естіле бастады. Бұл далада қалған аталар бейітінен-ұрпағы мирас ететіндей кесене тұрғызу сауаптық іс, қарыз бен парызға айналғандай еді.

Енді бұл кесенелер кімдерге арналып тұрғызылды дегенге келейік. Мәшһүр Жүсіп атамыз «Исекемдей ишан жоқ қой бұл Арқада» деп жоқтау айтқан, Исабек ишан 1792 жылы Баянауыл таулары баурайында Мұрат қожа отбасында туған. 1810-шы жылдары Бұқара медресесінде білім алған. Содан соң, Ақкөл-Жайылма өңірін мекендеп, мұнда ислам дінін уағыздап, мешіт пен медреселер салынуына ұйытқы болған. XIX ғасырдың екінші жартысында Ертіс, Есіл, Сілеті мен Ақкөл-Жайылма қазақтары Исабек ишанның бастамасымен Меккеге қажылық сапарға шығады. Ишан 1871 жылы қайтыс болады. Бұл өңірде Исабек ишанның шарапатын көрмеген адам кемде-кем

болған. «Тон болған тоңдырмайтын жалаңашқа, ас болған таусылмайтын қарны ашқа» деген екен ишан жайында Мәшһүр Жүсіп атамыз.

Исабек ишан өз заманының діни қайраткері болса, одан тараған ұрпақтары да Алла тағаланың ақ жолынан таймай, ислам дінінің нұрын таратқан. Солардың бірі – бертін 1996 жылы дүниеден озған Жандарбек қожа еді. Адамдар ақылшы көріп, үлгі тұтқан Жандарбек қожа Қожахметұлы жасынан қуғын-сүргін құрығына да іліккен. Қуғын құрығының әлегінен осы күнгі Жамбыл облысы жағында теміржол салуға қатысқан. 41-дің соғысына аттанады. Ауыл ол кісіге қашанда құрметпен қарады. Көріпкел, діндар атамыздың бойында бар қасиетін сезгендер, ем, шипа алуға жиі келетін-ді.

Исабек ишан, Жандарбек қожа басына күмбез көтеріп, кесене тұрғызу-бұл жергілікті халықтың қалауы, сұрауы мен ниет пейілінен туған ықыласты іс еді. Сөйтіп, былтыр Исабек ишанға, Жандарбек қожаға арналған кесенелер тізбесі тұрғызылды. Бұл рухани жобаға облыс әкімі Ерлан Арын бастаған бастамашыл топ өкілдері, облыстық әкімдік, кәсіпкерлер, ел ағалары, ауыл халқы бар бәрі де жан-жақты қолдау көрсетті. Исабек ишан атындағы қор құрылды. Қор осы екі арада «Исабек ишан» атты танымдық кітап та шығарып үлгерді.

Бұл имандылық жолындағы сауапты іске «Қазақстан электролиз зауыты» акционерлік қоғамы демеушілік жасағанын жергілікті жұрт жақсы біледі. Алып зауыттардың ауыл-елдің алдындағы әлеуметтік-рухани жауапкершілігі деген осы. Өңірдегі рухани дүниелерге қолдау көрсететін «Қазақстан электролиз зауыты» және оның басшысы Алмас Ибрагимовтің жеке өзі Исабек ишан қорына үлес қосты. Ибрагимовке зауыттың вице-президенттері де қолдау танытып, қорға 700 мың теңге бөлді. Барлық жұмысшылар бір күндік жалақыларын Исабек ишан қорына аударды.

Үш күмбезді кесенеде Исабек ишанның өзі және оның жалғыз ұлы Нұрмұхамед пен бауыры Мұхаммед Нияз жерленген. Қасында бір күмбезді кесене бар, ол-Исабек ишанның ұрпағы Жандарбек қожаның бейітінің орнына тұрғызылыпты. Ақ тастардан қаланған екі кесененің бірінің биіктігі 9, екіншісі, 7 метрге жетеді. Мәрмәрдай ақ тастар 362 әулие мекендеген Маңғыстау даласынан 5 вагонмен жеткізілген көрінеді. Сөйтіп, өткен жылдың күзінде зираттар орнына келіп тәу етуші халық үшін шырақшы үйі салынды. Үйдің аумағы 180 шаршы метр, мұнда тәу етушілер үшін жайлы төрт бөлме бар. Ел аузында «атам зираты» аталған көне қорым қайта жаңғырды. Бір сөзбен айтқанда айналасы көріктендіріліп, ақ кесенелер кешені-мәдени ескерткіш, мәдени мұраға айналды.

Екі кесененің арасын қима тас төселген жол жалғайды. Оның қос қапталына қасиетті хадистер сөзі мен ғұлама Мәшһүр Жүсіп жоқтауынан алынған шумақтар жазылған. Қос кесене жанынан мешіт салынып, бүкіл кешенге жарық беретін жел мен күн көзінен қуат алатын станса қойылды. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ вице президенті, осы құрылысқа жауапты Жұмабек Хамзинның айтуынша, кең далада жарқырап көрініп тұрған бұл ақ мешіт сонау бір кезеңдерде Исабек ишанның өзі салған мешітінің орнына қайта тұрғызылыпты.

Иә, имандылық пен ізгілікке шақыратын ислам діні ғасырлар бойы осылай өріліп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, адамды ғибадат жолына жетелеп келеді. Ел тәуелсіздігінің қуаты да сонда, ол діліміз бен дінімізді ұлықтау, сақтау болып табылады. Ас берілген күні Ақкөл ауылында Исабек ишан музей үйі ашылды. Соңында ақындар мүшайрасының жеңімпаздары марапатталды, дәстүрлі ән орындаушыларының концерттік бағдарламасына, ұлттық ойындарға жалғасты. Ағаштар отырғызылды. Осылай Исабек ишанның өткен 19 ғасырда Ақкөл-Жайылмада медресе ашып, мешіт салған мирас-мұрасы ұрпағына қайта оралды.

Фарида БЫҚАЙ,
«Егемен Қазақстан».
Павлодар облысы.